

«ДікуНур» балабақшасы мекемесі

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №1

Күні: «05» қыркүйек 2025 ж.

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылы: мақсаттар мен міндеттер. Отбасы – тәрбиенің ұясы»

Қатысқандар: 55 адам.

Қатыспағандар: 0 адам.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Жаңа оқу жылындағы балабақшаның мақсаттары мен міндеттері, топ тәртібі және қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.

2. Жаңа оқу жылына ата-аналар комитетінің төрайымы мен мүшелерін сайлау.

3. «Отбасы – тәрбиенің ұясы» тақырыбында әдіскер мен психологтың тренингі.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз сөйлеп, ата-аналарды жаңа оқу жылының жоспарымен, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларымен және күн тәртібімен таныстырды. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында қыркүйек айында «Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік» құндылығы дәріптелетінін атап өтті.

2. Екінші мәселе бойынша ата-аналардың ұсыныстары тыңдалып, ашық дауыс беру арқылы жаңа оқу жылына ата-аналар комитетінің құрамы сайланды. Төрайым болып Рысбаева Г сайланды.

3. Үшінші мәселе бойынша балабақша психологы мен әдіскері ата-аналармен бірге «Шаттық шеңбері» тренингін және бала тәрбиесіндегі отбасының ролін арттыруға бағытталған психологиялық ойындар өткізді.

Шешім:

1. Балабақшаның күн тәртібі, ішкі тәртіп ережелері мен қауіпсіздік талаптары қатаң сақталсын.

2. Бекітілген ата-аналар комитетінің құрамы мақұлданын.

3. Бала тәрбиесі мен балабақша өміріне ата-аналар белсенді түрде тартылысын.

Төрайымы:  Токмаханова Ж

Хатшы:  Сарсенбаева Г

«Ізгі Нұр» балабақшасы» мекемесі

Ата-аналар жиналысының хаттамасы № 2

Күні: «25_» қараша 2025 ж.

Тақырыбы: «Баланың денсаулығы мен қауіпсіздігі – ортақ міндетіміз»

Қатысқандар: 50 адам.

Қатыспағандар: 0 адам.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Күзгі-қысқы кезеңде балалардың денсаулығын сақтау, жұқпалы аурулардың (ОРВИ) алдын алу шаралары (медбике кеңесі).
2. Балабақшада және үйде қауіпсіздік техникасын сақтау. «Баланың қауіпсіздігі – ата-ананың міндеті» жадынамасымен таныстыру.
3. «Әділдік және жауапкершілік» құндылықтарын бала бойына сіңіру («Адал азамат» бағдарламасы).

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша мейірбикесі Жолмурзаева А сөз сөйледі. Ол балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, дұрыс тамақтану және инфекциялық аурулардың алдын алу жолдары туралы кеңестер берді.
2. Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау – ең басты міндет екенін айтып, ата-аналарға арнайы қауіпсіздік жадынамаларын таратты.
3. Үшінші мәселе бойынша «Адал азамат» тәрбие бағдарламасы аясында қараша айының негізгі бағыты – «Әділдік және жауапкершілік» тақырыбында балалармен жүргізіліп жатқан жұмыстар есебі берілді.

Шешім:

1. Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында медбикенің гигиеналық және тамақтану бойынша ұсыныстары орындалсын.
2. Қауіпсіздік ережелері үйде де, балабақшада да қатаң бақылауға алынсын.

Төрайымы:  Токмаханова Ж

Хатшы:  Сарсенбаева Г

«Шығу Нұр» балабақшасы мекемесі

Ата-аналар жиыналысының хаттамасы №3

Күні: 20 ақпан 2026 ж.

Тақырыбы: «Баланың даму мониторингі және отбасылық серіктестік»

Қатысқандар: 65 адам.

Қаныспағандар: 0 адам.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Бірінші жартыжылдықтың қорытындысы. Балалардың білік пен дағдыларының даму мониторингінің нәтижелері.
2. «Әкелер мектебі» мен «Аналар мектебінің» жұмысы. Отбасылық дәстүрлер мен ұлттық тәрбие.
3. «Жасампаздық және жаңашылдық» айлығы аясында ата-аналармен бірлескен жобаларды талқылау.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешілері сөз сөйлеп, балалардың оқу-тәрбие үдерісіндегі алғашқы нәтижелері мен даму көрсеткіштерінің мониторингімен таныстырды. Әр баланың жетістіктері мен дамытуды қажет ететін тұстары атап өтілді.
2. Екінші мәселе бойынша балабақшадағы «Әкелер мектебі» және «Аналар мектебі» аясында ұлттық құндылықтарды насихаттау, әке мен ананың бала тәрбиесіндегі рөлі туралы дөңгелек үстелдің қорытындылары айтылды.
3. Үшінші мәселе бойынша ақпан айының құндылығы «Жасампаздық және жаңашылдық» негізінде балабақша мен отбасы арасындағы бірлескен шығармашылық жұмыстар жоспарланды.

Шешім:

1. Балалардың даму көрсеткіштерін жақсарту мақсатында тәрбиешілер мен ата-аналардың тығыз байланысы жалғастырылсын.
2. Ұлттық тәрбие бағытындағы «Әкелер» және «Аналар» мектебінің іс-шараларына ата-аналар белсенді қатыссын.

Төрайымы:  Токмаханова Ж

Хатшы:  Сарсенбаева Г

«ИнжуЦур» балабақшасы мекемесі

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №4

Күні: «18» мамыр 2026 ж.

Тақырыбы: «Жылдық қорытынды: біз не үйрендік? Жазғы сауықтыру кезеңі»

Қатысқандар: 65 адам.

Қатыспағандар: 0 адам.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- 1. 2025–2026 оқу жылының қорытынды есебі. Балалардың қол жеткізген табыстары.**
- 2. Белсенді ата-аналарды марапаттау.**
- 3. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық және жазғы уақыттағы бала қауіпсіздігі.**

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі немесе топ тәрбиешісі сөз алып, өткен оқу жылында атқарылған жұмыстарға тоқталды. Балалардың «Адал азамат» бағдарламасы құндылықтарын игеру деңгейі және өткізілген мерекелік, ашық іс-шаралардың нәтижелері сараланды.

2. Екінші мәселе бойынша оқу жылы бойы балабақша өміріне, көрмелер мен іс-шараларға белсене қатысқан ата-аналарға алғыс білдіріліп, марапатталды.

3. Үшінші мәселе бойынша жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспары, серуен уақытының өзгеруі, күн көзінен қорғану шаралары және су маңындағы, көшедегі қауіпсіздік ережелері түсіндірілді.

Шешім:

1. 2025–2026 оқу жылындағы тәрбие-білім беру жұмысының қорытындысы «қанағаттанарлық» деп танылсын.

2. Жазғы кезеңде балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын күту ережелері үйде қатаң сақталсын.

Төрайымы:  **Токмаханова Ж**

Хатшы:  **Сарсенбаева Г**